Бекітемін
Мектеп директоры

_____ Есеева М.И
«_31___»____08____2023-2024 ж

**Ата – аналармен өткізілетін**
**2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары.**

| Р/с | Іс – шаралар тақырыбы | Өткізілу түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек айы<br>1.Ата – аналарды<br>2022-2023 оқу-жылының жоспары мен таныстыру.<br>«Кәнеки танысайық»<br>2. Ата – аналар комитетін сайлау. | **Ата – аналар жиналысы.** | Тәрбиеші:<br>Қыдырбаева А.Ж |
| 2 | Қазан айы<br>1. Ашық есік күнін ұйымдастыру.<br>«Армысың Алтын күз» | « Күз сыйы»<br>Ашық есік күні: | тәрбиешісі:<br>Қыдырбаева А.Ж |
| 3 | Қараша айы<br>1. «Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары»<br>3. «Өз балаңызды жақсы білесіңбе?» | Кеңес: «Отбасы тәрбиесіндегі қамқорлық мәселесі»<br>Сауалнама жүргүзу. | тәрбиешісі:<br>Қыдырбаева А.Ж |
| 4 | Желтоқсан айы<br>1.«Балалар – біздің болашағымыз»<br>2. Баяндама: «Егер бала тұйық болса »<br>.3 Кеңес:«Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясының ерекшеліктері»<br>. | **Ата-аналар жиналысы.**<br>1-жарты жылдық есеп беру | Тәрбиешісі:<br>Қыдырбаева А.Ж |
| 5 | Қаңтар айы<br>1. Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы<br>2. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. | « Менің отбасымдағы бақытым» фото буклет.<br>Сауалнама жүргүзу | тәрбиешісі:<br>Қыдырбаева А.Ж |
| 6 | Ақпан айы<br>1. « Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі<br>2 « Көзі нашар көретін балалар туралы ата – аналарға кеңес | .Кеңес: | тәрбиешісі:<br>Қыдырбаева А.Ж<br>Ата-ана комитеті: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 2. | | |
| 7 | Наурыз<br>1. « Тәрбие тірегі – халық мұрасы» :«Баланы неше жасында мектепке берген дұрыс» | **Ата-аналар жиналысы.**<br>1.Көктем мерекелерімен құттықтау.<br>2.Кеңес: | тәрбиешісі:<br>Қыдырбаева А.Ж<br>Ата-ана комитеті: |
| 8 | Сәуір<br>1. Табиғатты аялайық.<br>2. Табиғат бұрышындағы әдемі гүлдер. | Ата –аналармен бірлескен жұмыстар.<br>Сайыс (қол өнері) «Гүл отырғызайық » | Тәрбиешісі:<br>Қыдырбаева А.Ж<br>Ата – аналар. |
| 9 | Мамыр айы<br>1. ІІ- жарты жылдық қортындысы.<br>2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды. | **Ата-аналар жиналысы.**<br>1.Мамыр мерекелерімен құттықтау<br>2. Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беріп жылды қорытындылау.<br>3.Баяндама « Балабақша –біздің үй»<br>Ата-аналар комитетінің есебі. | Тәрбиешісі:<br>Қыдырбаева А.Ж<br>Ата-ана комитеті: |

«Ақсу негізгі орта мектебі» КММ

2023-2024 оқу жылындағы ата-аналармен өткізілген жүргізілген жұмыс

**Анықтамасы**

Ақсу негізгі орта мектебінде қыркүйек айында 1-ші мәселе бойынша ата-аналарды 2023-2024 оқу жылының жоспарымен мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі А.Ж.Қыдырбаева таныстырды. Жаңа оқу жылының басталуы туралы. Балалардың кун тәртібі, тазалығы.

Қазан айында ашық есік күні ұйымдастырылды. Мақсаты: Балалардың Қазақстан Республикасы туралы білімдерін қалыптастыру, қазақ тілінен алған білімдерін бекіту. Тәрбиеленушілердің сөйлеу тілін жетілдіріп, сөздік қорларын белсендіру. Өз Отанына, туған өлкесіне деген патриоттық сезімге тәрбиелеу. Ата-аналар белсене қатысты. Берекелі Алтын күз мерекесіне көрме ұйымдастырылды. Ата-аналар бірлескен түрде көрмеге атсалысты.

Қараша айында мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі А.Ж Қыдырбаева ата-аналармен «Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары» тақырыбында кеңес берді.
Мақсаты: Балаларға жеміс пен көкөністерді ажырата білуге үйрету. Жеміс пен көкөністерде көптеген пайдалы дәрумендер бар, олар бізге пайдалы екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру.

Желтоқсан айында ата-аналар жиналысы өткізіліп I жарты жылдық есебі берілді. Ата-аналар толық қатысты.
Мектепалды даярлық тобы тәрбиешісі А.Қыдырбаева «Егер бала тұйық болса» атты баяндама оқыды. Мақсаты: ата-ана арасындағы қарым – қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата – ананың ықпалын арттыру. Тәрбиеші А.Ж.Қыдырбаева ата-аналарға «Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясының ерекшеліктері» туралы кеңес берді.

Қаңтар айында «тәрбиенің ең тамаша мектебі отбасы» атты ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі отбасы ынтымақтастығын нығайту. «Бала әкеден ақыл,анадан мейірім алады» атты сауалнама жүргізілді. Мақсатты: Ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып , отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру.

Ақпан айында «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі». Максаты: қазіргі кездегі баланың дамуына,жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып,қарым-қатынас орнату және ұлттық сананы бойына сіңіру. Ата-аналардың баламен, тәрбиешімен тығыз байланысын арттыру. Тренинг бағдарламасы бойынша ситуациялық сұрақтар, сауалнама алынды.

Наурыз айында «Тәрбие тірегі-халық мұрасы» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Балалар «Анашым,мен сізді жақсы көремін» бұрышына өздерінің салған суреттерін қойды. Мақсаты: болашақ азамат тәрбиеленетін алғашқы ұя-отбасы, ата-ана құшағы. Жас баланың алғашқы еститіні

анасының мейірбан сөзі,көретіні анасының аялы алақаны екенін түсіндіру. Балалар өз колдарымен ұйымдастырған көрменің таныстырылымын жүргізді.

Сәуір айында «Табиғатты аялайық» тақырыбында ата-аналармен бірлесіп табиғат бұрышы ұйымдастырылды. Максаты: балалардың «Табиғатты аялау» туралы түсініктерін кеңейту. Туған жерге деген сүйіспеншілігін дамыту. Табиғатқа деген қарым-қатынасын дамыту,оны сүюге тәрбиелеу. Балалар ата-аналарымен бірлесіп, сынып бөлмесіне гүл отырғызды.

Мамыр айында II жартыжылдық бойынша жыл бойы өткізілген жұмыстардың қорытындысы туралы. Максаты: ата-аналармен бірлесе отырып,баланың тұлғасын дамытуға бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру. Балаға тәрбие, әдеп, дәстүрді сактай отырып әлеуметтік ортаға қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. Жыл бойы өткізілген жұмыс бойынша ата-аналар комитетінің есебі тыңдалды.

Мектеп директоры: Есеева М.И